

Мемлекеттік емтихан
6B08101 – Агрономия
Өсімдік шаруашылығы пәнінен
мемлекеттік емтихан
сұрақтары

1. «Өсімдік шаруашылығы» пәнінің мақсаты
2. Тұқымтану мақсаты:
3. Тұқым тазалаудың мәні
4. Тұқым қандай сапа топтарымен анықталады
5. Жүгерінің неше түр тармағы бар?
6. Жүгеріні түр тармаққа бөлу қай мүшесінің орналасуы арқылы анықталады
7. Дәнді дақылдар тұқымдарының кондициялығы қандай көрсеткіш арқылы сыныпталады?
8. Бидайдың кең тараған түрі
9. Өсімдік шаруашылығында қолданылатын зерттеулер әдістері
10. Тұқымтану ғылымының зерттеу объектісі
11. Тұқымның өну энергиясын жоғарлату үшін себер алдында қандай шара қолданады
12. Мың дәннің салмағын анықтау үшін орташа үлгіден қанша тұқым санап алынады
13. Астық дақылдарының тазалығын анықтағанда қоспаның қай тобын қалдықтан санау арқылы есептейді
14. Күнбағыс тұқымшасының егіске жарамдылығын анықтау, егер егістік материал бірінші сыныпқа жатса, тазалығы 99 %, өнгіштігі 95 % болса
15. Қандай көрсеткіш тұқымның біркелкі өнуін көрсетеді
16. Тұқымның себілу мөлшерінің сандық мағынасын анықтаңыз, егер белгіленген себу мөлшері гектарына 5,3 млн дана болса егістік жарамдылығы 94 %, мың дәннің салмағы 40 грамм
17. Қандай құжатта тұқымның егіске жарамдылығы көрсетіледі?
18. Күздік бидайдың аудандастырылған сорттары
19. Кеш себілетін астық дәнді дақыл қандай?
20. Сұлының аз тараған түрі?
21. Қарақұмық дақылының латынша аталуы?
22. Кеш себілетін дәндіастық дақылы
23. Қандай тұқымдар қалдыққа жатады?
24. Стандарт талабына сәйкес тұқымдағы тірі қоспалар немен өлшенеді?
25. Жаздық бидай сорттарын атаңыз?
26. Шаруашылықтағы бидайдың, кара бидайдың, арпаның кондициялық тұқымына тұқым бақылау инспекциясы қандай құжат және қанша мерзімге береді?
27. Астық дақылдарының өсіп – дамуының қай сатысында гербицидпен өңдеуге болады?
28. Астық дақылдарының өсіп – дамуының қандай сатысында өнімді екі фазалы әдіспен жинайды?

- 29.Күздік бидай өсімдігінің топырақта қандай бөлігі қыстайды?
- 30.Астық дақылдарының 1 тобына қандай өсімдіктер жатады?
- 31.Жер эрозиясына бейімді жерлерде астық дақылдары үшін топырақты қалай өңдейді?
- 32.Астық дақылдарының 2-ші тобына қандай өсімдіктер жатады?
- 33.Астық дақылдарының 1-ші тобы өнген кезде неше ұрық тамыршасы пайда болады?
- 34.Астық дақылдарының 1-ші тобы өнген кезде неше ұрық тамыршасы пайда болады?
- 35.Күздік дақылдарының шынығуының 1-ші сатысы қандай температурада жүреді,С⁰
- 36.Күздік дақылдардың ішіндегі ерте пісетіні дақылдарды атаңыз
- 37.Күздік дақылдарының шынығуының 2-ші сатысы қандай температурада жүреді,С⁰
- 38.Жұмсақ бидайдың латынша атауы
- 39.Бидайдың түрлері хромосом санына байланысты неше генетикалық топтарға бөлінеді
- 40.Жер шарында кездесетін бидай түрлерінің санын атаңыз
- 41.Егер күздік бидай отырмаған топыраққа егілсе, онда өсімдіктің солуына не себеп болады
- 42.Егер жылы топырақтың бетіне қар түссе, онда күздік қара бидай қандай себептен өлу мүмкін
- 43.Бидайдың масақ білігінің әрбір баспалдағында неше масақша болады
- 44.Бидай масақшасында неше гүл болады
- 45.Көктеу сатысындағы қара бидай өсімдігінің түсі
- 46.Қара бидайдың латынша атауы
- 47.Аралық арпа масақ діңгегнің әрбір баспалдағында қанша масақша болады
- 48.Көп қатарлы арпаның масақ діңгегінің әрбір баспалдағында қанша масақша бар
- 49.Арпаның гүлшоғыры қалай аталады
- 50.Құрғақ далалы аймақта жаздық арпаның себілу мөлшері, млн. дана/га
- 51.Арпа масағында неше гүл болады
- 52.Астық дақылдарының дәндерінде құрғақ заттың жиналуы ылғалдылықтың қандай мөлшерде аяқталады
- 53.Астық дақылдарының ішінде ең ылғал сүйгіш өсімдікті атаңыз
- 54.Ең тез пісетін астық дақылы
- 55.Жаздық астық дақылдары ішінде ерте пісетін өсімдікті атаңыз
- 56.Бидай тұқымының бөртуі үшін қанша ылғал қажет / өз салмағынан пайызбен/
- 57.Бидайдың Albidum түршесін сипаттайтын белгілерді атаңыз
- 58.Кең тараған жаздық бидай сорты
- 59.Республикамызда кең тараған бидай түрі
- 60.Қатты бидайдың халық шаруашылығында негізгі пайдалану мақсаты

61. Күн сәулесін тиімді пайдалану үшін сұлы егісінде өсімдікті қандай бағытта орналастыру керек
62. Дәннің қамырланып пісуі қандай ылғалдылықта басталады
63. Сұлы тұқымының бөртуі үшін, қанша мөлшерде ылғал қажет / өз салмағынан %
64. Сұлы дәнінің қауыздылығы қандай деңгейде болады, %
65. Сұлы өсімдігі қандай тұқымдастыққа жатады
66. Кәдімгі мсұлының латынша атауы
67. Сұлының гүлшоғырын қалай деп атайды
68. Сұлы тұқымының өнуі үшін қажетті төменгі температура, С⁰
69. Буданды тұқымның бірінші ұрпағымен себілетін дақылды атаңыз
70. Жүгері танабында бірінші қатарарлықты өңдеу қай сатыда жүргізіледі
71. Жүгері танабында екінші қатарарлықты өңдеу қай сатыда жүргізіледі
72. Жүгері дақылын егуге оңтайлы топырақ температурасы
73. Жүгері танабын бірінші суару қашан жүргізіледі
74. Жүгерінің латынша атауы
75. Қазақстанда негізгі тары өсіруші аймақтар
76. Далалық аймақтағы тарының себілу мөлшері, кг/га
77. Бастанған тарының тұртармағын атаңыз
78. Кәдімгі қонақ жүгерінің латынша атауы
79. Күріштің латынша атауы
80. Күріштің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкесті оңтайлы суару режимін атаңыз
81. Күріш дақылының өсіп – дамуының қай сатысында минералды тыңайтқышпен үстеп қоректендіреді және гербицидпен өңдейді Күріштің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкесті оңтайлы суару режимін атаңыз
82. Негізгі күріш өсіруші аудандардағы дақылдың ең жақсы алғы дақылы
83. Күріш сортын атаңыз
84. Қарақұмықтың жемісін қалай атайды
85. Қарақұмық дақылы қанша фенологиялық сатыдан өтеді
86. Қарақұмық дақылының түршелерін атаңыз қанша фенологиялық сатыдан өтеді
87. Далалық асбұршақ гүлдерінің түсі
88. Асбұршақ танабының арнайы арамшөбі
89. Дәнді бұршақ дақылдары тұқымының қоректік заттар жинайтын жерін қалай деп атайды
90. Майбұршақ танабына қандай микроэлемент беріледі
91. Дәнді бұршақ дақылдарының даму сатысындағы критикалық кезеңі
92. Өніп- өскен кезде қандай дәнді бұршақ дақылы тұқым жарнағын топырақтың бетіне шығарып даму сатысындағы критикалық кезеңі
93. Суыққа және қуаңшылыққа төзімді дәнді бұршақ дақылын атаңыз
94. Дәнді бұршақ дақылдарының тұқымын нитрагинмен өңдеуді қалай деп атайды
95. Ас бұршақтың латынша атауы
96. Ас бұршақ өсімдігінің қай қабатында ірі тұқым түзіледі

Ас бұршақ өсімдігінің атмосферадан ауа қабылдауы қай сатыдан басталады

97. Ас бұршақтың себілу тәсілі өсімдігінің атмосферадан ауа қабылдауы қай сатыдан басталады

98. Республикадағы ас бұршақтың себілу мөлшері, млн/ дана

99. Ас бұршақ өсімдігінің вегетациялық кезеңінің ұзақтығы, тәулік

100. Май бұршағының латынша атауы

101. Ең тез пісетін дәнді бұршақ дақылы

102. Дәнді бұршақ дақылдарының тамыр жүйесі

103. Қандай дәнді бұршақ дақылының жапырағы қос қатарлы ланцентті

104. Екпе чинаның латынша атауы

105. Дара қауырсын жапырақты дәнді бұршақ дақылын атаңыз

106. Ноқат өнімін жинау тәсілі

107. Кәдімгі бадананың латынша атауы

108. Үш салалы және саусақ тәрізді жапырақты дәнді бұршақ дақылдарын атаңыз

109. Жасымықтың латынша атауы

110. Күнбағыс өсіретін негізгі аудандар

111. Өндірісте кеңінен қолданылып жүрген күнбағыстың себілу тәсілі

112. Күнбағыстың алдыңғы қатарлы сорттарындағы майдың мөлшері, %

113. Күнбағыстың түтікті гүлдерінің гүлденуі тостағаншаның қай бөлігінен басталады

114. Күнбағыс вегетациясының қай кезеңінде ылғалды ең көп мөлшерде қажет етеді

115. Күнбағыс өсімдігі өнімін жинауға дейінгі кептіруді қалай деп атайды

116. Күнбағыс өсімдігіне десикация жасағаннан кейін неше күннен кейін өнімді жинауға болады

117. Күнбағыстың латынша атауы

118. Ауыспалы егістікте күнбағысты бұрынғы орнына неше жылдан кейін қайталап егуге болады

119. Қуаңшылыққа төзімді майлы дақылды атаңыз

120. Кеппейтін техникалық май беруші дақылды атаңыз

121. Майлы күнбағыс қабығының пайыздық мөлшері

122. Күнбағыс тұқымшасының клеткасындағы берік қабаттың (панцирь) өндірістік маңызы

123. Күнбағыстың биологиялық өнімділігін есептеңіз. Егер өнімді жинар алдында 1 шаршы метрде 5 өсімдік болса, 1 өсімдіктегі тұқымша саны 700 дана, 1000 дәннің салмағы 80 г

124. Мақсарының латынша атауы

125. Жаздық рапстың латынша атауы

126. Қышаның, сарыбастың және рапстың жемісін қалай атайды

127. Күлгін қышаның тұқымында қанша пайыз май болады

128. Күлгін қышаның неше түршесі бар

129. Қандай сатыда ақ қышаны жинау қажет

130. Рапсты кең қатармен сепкендегі себілу мөлшері, кг-га

131. Сарыбастың латынша атауы

132. Майкененің гүлшоғырын қалай атайды
133. Майкене тұқымындағы майдың мөлшері, %
134. Майкене тұқымында қандай улы заттар болады
135. Анистің жемісін қалай атайды
136. Тмин жемісінің құрамында қанша мөлшерде эфир майы болады, %
137. Майкенені қандай тәсілмен себеді
138. Күнжіттің латынша атауын атаңыз
139. Зығыр өсімдігінің қорапшасында қанша тұқым болады
140. Қазақстанның қант қызылшасын өсіретін негізгі аймақтарын атаңыз
141. Республика бойынша қант қызылшасы тамыржемісіндегі қанттың орташа мөлшері, %
142. Қызылшаның негізгі тамырындағы жанама тамыршалар қалай орналасқан
143. Қант қызылшасының көгі пайда болғаннан кейінгі жүргізілетін бірінші күтіп-баптау шараларын атаңыз
144. Қант қызылшасының тұқымының өнуі үшін қанша мөлшерде су қажет (өз салмағынан, %)
145. Қант қызылшасы тұқымының қоректік заттар қорын арттыру үшін және оған шар тәріздес пішін беретін, себер алдындағы шараны атаңыз
146. Қант қызылшасының гүл шоғырын қалай деп атайды
147. Тамыр жемісінің даму циклін атаңыз?
148. Қант қызылшасы өсімдігінің өсу вегетациясында байқалатын құбылыс «қыңырлану» дегеніміз не?
149. Қант қызылшасы тамыр жемісінде неше камбийлік сақина болады?
150. Қант қызылшасы өсімдігінің бірінші жылғы вегетация кезеңінің ұзақтығын атаңыз (күн)?
151. Асқабақ туыстығының неше түрі бар?
152. Картоп түйнегінің өсу нүктесі оның қай бөлігінде орналасқан?
153. Картоптың гүл шоғыры қалай деп аталады
154. Картоп түйнегінің өнуі қандай температурада басталады ($^{\circ}\text{C}$)
155. Картоптың отаны болып қай континент есептелінеді
156. Картоп өсімдігінің дамуы неше циклге бөлінеді
157. Картоптың биологиялық өнімділігін есептеңіз. Егер оны 70x35 см схемамен орналастырса, 1 түптегі түйнектің салмағы 350 г
158. Картоптың қандай сорттарында крахмалдың мөлшері 18-22 % шамасында болады
159. Республиканың оңтүстік өңірінде картоптан мықты тұқымдық материал алу үшін қандай шаралар жасалады
160. Картоптың биологиялық өнімділігін есептеңіз. Егер картопты 70x35 см схемамен отырғызса, 1 түптегі түйнектің орташа салмағы 400 г болса
161. Картоп өзінің өмірінің қай кезеңінде ылғалды ең көп қажет етеді
162. Картоп түйнегіндегі крахмалдың мөлшері
163. Картоптың ерте пісетін сорттарының шаруашылықтық пайдалануы
164. Картоп отырғызудың мөлшерін есептеңіз. Егер картопты 70x23 см схемасымен орналастырсаңыз, түйнектің орташа салмағы 60 г болса
165. Картоптың жер асты сабағын қалай атайды

166. Қарбыздың түрлерін атаңыз
167. Қарбыз жемісінің дамуы үшін қажетті температураны атаңыз, °C
168. Бақша дақылдарында неше түрлі гүлдер болады
169. Асханалық қарбыз бен қауынның жемістерінде қанша % қант бар?
170. Асқабақтың 1000 тұқымының салмағы қанша, г?
171. Мақта көгінің пайда болуына қажетті ең төменгі температура, °C?
172. Мақта дақылының ең жақсы алғы егісін атаңыз?
173. Шитті мақтаны машинамен жинауды қанша пайыз қауашық ашылған кезде бастау қажет?
174. Мақтаның өсуі үшін қажетті қолайлы температура, °C?
175. Мақта дақылының сабағының өсуін тоқтату үшін және қауашықты жетілдіруге жұмсаған агротехникалық шараны айтыңыз?
176. Кәдімгі мақта талшығының ұзындығы, мм
177. Кәдімгі мақта талшығының түсі
178. Мақта бұтағының шектелмеген типі қанша типшелерге бөлінеді
179. Шитті мақтаны бірінші рет қолмен жинауды неше қауашық ашылғанда бастайды
180. Мақта өсімдігінің бұтақтар түрлері
181. Талшықты алғаннан кейін мақта тұқымында не қалады
182. Мақта тұқымының ұзындығы, мм
183. Жылыжайдың әрбір шаршы метріне қанша темекі тұқымы себіледі, грамм
184. Темекі жапырағының ұшының пішіні қандай болады
185. Бір темекі өсімдігінде қанша жапырақ болады
186. Темекі қандай тұқымдастыққа жатады
187. Толық піскен темекі қандай түске енеді
188. Темекі танабында шырпу дегеніміз не
189. Темекі өсімдігінің 1000 тұқымының салмағы, г
190. Темекінің транспирациялық коэффициентін атаңыз
191. Темекіні не алу үшін өсіреміз
192. Темекінің шығыс типінен бір гектарға қанша көшет отырғызады, мың дана
193. Әрбір сындыруда темекінің қанша жапырағы алынады
194. Темекінің жемісі қалай деп аталады
195. Картоптың латынша атауы
196. Түйнектіжемістілер тобына жататын өсімдікті көрсетіңіз:
197. Майлы зығыр дақылының сортын көрсетіңіз:
198. Рапс қандай тұқымдасқа жатады
199. Күздік бидайдың сорттары
200. Жұмсақ бидай түрлері